



XҒТАР 03.61.21
Ғылыми мақала

<https://doi.org//10.32523/2616-6887/2024-148-3-250-264>

Көне түркілердің отырықшылық тұрмысындағы манихей және несториан діндерінің әсері

Т.З. Қайыркен^{1b}, Д.С. Алькеева*^{1b}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: kairkentz@mail.ru, alkeeva.danara@mail.ru)

Аңдатпа. Ерте дәуірден Орта Азияны мекендеген түркі халықтары шығыс және батыс мәдениетінің тоғысқан тұсында өмір сүріп, қала өркениеті мен дала өркениетін шебер үйлестіріп келді. Олардың рухани өміріне оңтүстіктен солтүстікке қарай үнді, парсы мәдениеті де күшті әсер етті. Яғни, Үнді және Парсы мәдениеттері алдымен Мауреннахрдегі және тарым бассейніндегі елдімекендерге таралып, одан соң Жетісу мен Еренқабырға (Тянь-Шань) тауының бөктеріндегі шағын қалаларға, елдімекендерге таралды. Сол себептен, Орта Азия дүниежүзіндегі барлық мәдениеттердің, соның ішінде барлық діндердің де өзара тоғысу аймағы болды. Түрлі діндер отырықшы аймақтарға ғана таралып қоймай, артынша көшпенді өмір салтын ұстанған далалық аймақтарда да кең таралды. Көшпенді түріктер өмір сүрген өңірлерде шағын елдімекендер, ғибадат орындары салынды. Сол кезде көшпенділер діни ұстанымы бар адамдардың бәріне қызығушылықпен және құрметпен қарады. Сонымен бірге, ұзақ уақыт бедерінде Орта Азия мен Шығыс Түркістанда және оған көрші жатқан аймақтарда адамзаттың әр түрлі мәдениеті мен рұхани құндылықтары тығыз бәсекеге түсті. Бұл біздің дәуіріміздің I ғасырынан бастап Орта Азия мен Шығыс Түркістанның және Орталық Моңғолияның географиялық тұрғыдан адамзат өркениетінің құрамдас бөлігі ретінде дамығанын көрсетеді. Мақалада ислам діні басымдыққа жеткенге дейін, бұл аймақта таралған манихей және несториан діндерінің жағдайы, жергілікті түркі халықтарының оларды қалай қабылдағаны, сондай-ақ, аталмыш діндердің жергілікті табиғи шарт-жағдаймен, қоғамдық-әлеуметтік ортамен қалай үйлесім тапқаны, саяси әсері, т.б. мәселелер қарастырылды. Манихей және несториан діндерінің түріктер арасына кең таралуының айғағы болып табылатын «Тоғыз ұйғыр Білге қаған ескерткіші» мен «Янчжоу» ескерткішіне тілдік және деректанулық тұрғыдан талдау жасалды.

Түйін сөздер: манихей діні, несториан діні, қала мәдениеті, көне түркілердің діни сенімі.

Түсті: 13.06.2024; Мақұлданды: 16.09.2024; Онлайн қолжетімді: 25.09.2024

Кіріспе

Көне Жібек жолының басып өтетін аймағы және шығыс пен батыстың, оңтүстік пен солтүстіктің қарым-қатынас центрі – орталығы ретінде Орта Азия ежелден бері өз маңызын жойған емес. Бұл өңір географиялық тұрғыдан томаға-тұйық өңір емес, керісінше мәдениеттерді өзіне сіміруші, өңдеуші және өткізуші аймақ бола білді. Адамдар бұрыннан бері Орта Азияны Жібек жолы басып өтетін аймақ ретінде ғана қарастырып келді. Шын мәнінде, ол Жібек жолының соңғы бекеті болды. Шығыс пен батыстан келген керуендер көп жағдайда Орта Азия базарына тоқтап, ол жерден өздерінің керегін алып кері қайтып отыратын. Сондықтан, Орта Азия тұтас Еуразияның орталық базары іспетті рөл ойнады. Мемлекеттер, региондар арасындағы экономикалық қарым-қатынастармен бір уақытта мәдени-рухани байланыстар да тереңдеді. Соның жарқын айғағы ретінде түрлі діндердің аймаққа таралуын айтсақ та жеткілікті. Бұл өз кезінде қоғамның алға жылжуына, тұрғылықты халықтың рухани-мәдени болмысының өзгеруіне белсенді әсер етті. Бұл ұзақ процесс кейін келе Орта Азия арқылы Моңғол үстірті мен Қытайға да ықпал етті. Қытайдың әлемге есігін айқара ашқан Таң әулеті мен кейінгі моңғолдар билеген Юань династиясы кезінде манихей және несториан діндері түріктер арқылы Хуанхэ мен Янцзы өзендері бойына дейін тарады.

Кеңес Одағы ыдырап, Орта Азия елдері өз тәуелсіздігін алғаннан кейін, әлемдегі түрлі діни ағымдар қайтадан аймақта өз ықпалын күшейтуге әрекет етті. Демек, бұл жағдай мәселенің тарихи тамыры тым тереңде жатқанынан дерек береді.

VI-IX ғасырлардағы Түрік қағанаттары кезеңінде (Түркі қағанаттары кезеңі тарихта қазіргі түркі халықтарының арғы аталары Алтай тауын орталық етіп, Моңғол үстіртінде, Қазақстан мен Орта Азияда құрған Бірінші Түркі қағанаты (552-657), Екінші түркі қағанаты (683-745) және Біріккен Түркі (Ұйғыр) қағанаты (745-840) дәуірлерін қамтиды) шығыста Қыдырхан (Хинган) тауынан батысында Каспиге, Темір қақпаға (Иран шекарасына) дейін құлаш жайған алып империяның аумағында түрлі этностардың болуына, оның үстіне, сыртпен қарым-қатынас көкжиегінің кеңейюіне байланысты, қағанат шегінде түрлі мәдениет өкілдері әрекет етті. Олар діни сенім, тіл-жазу, колөнер, музыка т.б. жақтардан қағанаттың мәдени-рухани өміріне әр деңгейде әсер етті. Тұрғылықты тәңіршілдік (шаманизм), зооастризм (отқа табынушылық) діні мен сырттан келген бұдда, манихей, несториан, ислам секілді түрлі діндер бір-бірімен жарыса, бірін-бірі кері қағып және бірін-бірі толықтап, жаңаша сипатта дамыды. Бұл жағдай Орхон өзені бойындағы, бір кезде түркілер өз қолымен орнатқан тас жазуларда да айқын көрініс тапқан. Ал, несториан діні болса Моңғол империясы кезінде бір бөлім түркі тайпалары ішінде мықтап орнығумен бірге, XIII-XIV ғасырларда Шыңғыс ханның әулетімен бірге Ішкі Қытайды бағындыруға барған түріктер арасында қолданыста болған. Оған дәлел Қытайдағы Янчжоу, Шифэн қатарлы қалалардан табылған түркі тіліндегі несториандық қабір ескерткіштері болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада көзделген міндеттерді жүзеге асыру үшін тарих ғылымының деректану, теориялық пайымдау және тарихи-географиялық зерттеу әдістері қолданылды.

Дереккөздер мен әр түрлі зерттеу материалдары бір-бірімен тығыз байланыстырылды. Тарихи тиянақтылық, күрделі жүйелілік және салыстырмалы типологиялық әдістер басшылыққа алынды. Базалық әдіснама мен жеке әдіс-тәсілдер аралас қолданылды. Ішінара салыстырмалы мәдени-семантикалық талдау мен графикалық жүйелеу әдістері қолданылады.

Зерттеу барысында манихей діні мен несториан дінінің көне түрікше, қытайша, т.б. тілде жазылған ескерткіштеріне талдау жасалды. Тарихи тұрғыдан сол кезге тән қытай деректері салыстыра пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Әрине, Орта Азия мен оған көршілес аймақтардағы манихей, несториан діндерінің таралуы ғылымда ерте көтерілгенімен бүгінге дейін сирек зерттелген тақырып. Оған себеп, Орта Азия мен солтүстік Азиядағы көшпенді және жартылай көшпенді халықтардың тарихына деген сәлқараушылық, оларды өркениеттен шет қалған халықтар деп есептейтін еуроцентристік көзқарастардың әсері болды. Манихэй, несториан діндерінің Орта Азияның отырықшы аймақтары арқылы далалық аймақтарына және Қытайдың ішкі өңірлеріне таралуы туралы ең әуелі Д.А.Хвольсон-ның алғашқы ашулары (Chwolson, 1886; 2013) мен В.В. Бартольд (Бартольд, 1964), У.Баң және А.Габаин (Bang, Gabain, 1929) секілді ғалымдардың зерттеулерін, кейінгі Ген Шиминь (Gen Shimin, 2003), Қахар Барат (Barat, 1986), Нью Руцзи (Niu Ruji, 1999; Hamilton, Ruji, 1996) т.б. ғалымдардың жаңа зерттеулерін атауға болады. Сондай-ақ, жекелеген қытайша деректер де бұл бағытта мәліметтер береді.

Манихей дінінің тарихына байланысты әйгілі мұраның бірі Орталық Моңғолиядағы көне Қара-баласағұн (Орда-балық) қаласынан табылған «Тоғұз ұйғұр қағаны ескерткіші» (Тоғқуз уйғур қаған мәңгү теши). Орхон Ұйғыр (Біріккен түрік) қағанатының тоғызыншы қағаны Алып Білге қағанның кезінде (808-821 жж.), яғни 814 жылы орнатылған бұл ескерткіш түрік, соғды және қытай тілдерінде жазылған. Бүгінде осы үш түрдегі мәтіннен (текст) тек қытай тіліндегі мәтін ғана біршама толық сақталып қалған.

Ескерткіштің үш тілде жазылуына Орхон Ұйғыр қағанатының айналадағы ұлыстармен болған саяси, мәдени және рұхани байланыстары себеп болды. Нақтырақ айтқанда, бұл манихей дінінің Қытай арқылы Орхон Ұйғыр қағанатына таралуымен тікелей байланысты.

Манихей діні III ғасырда Парсы елінде өмір сүрген Мани (216-277) тарапынан жаратылған дін. Ол әуелде Орта Азияда кең таралған зооастризм, несториан, будда діндерінің әр түрлі ықпалына ұшыраған. Оның негізгі қуаттайтыны – бұл дүниедегі жарық пен қараңғылықтың күресі. Сол себепті, ол Парсы елінде бір мезгіл тамыр тартып, кең қанат жайды. Кейін, бұл дін Парсы патшасы Вахрам II-ның қатаң шектеуі мен жаныштауына ұшырап, мүриттері жан-жаққа тентіреп кетті (Brown, 1972: 104-105). «Әл-Надымның ғылыми естеліктерінде»: Мани өлімге үкім етілген соң, оның шәкірттері қиындыққа тап болды. «Олар амалсыз шығысқа қоныс аударып, Балх өзенінен өтіп, қағанның иелігіндегі жерлерге кетті» (Dodge, 1970: 785), - делінеді.

Манихей дінінің Орта Азияны аттап өтіп Қытайға таралуы VII ғасырдың соңғы кезіне тура келеді. Қытайша «Fozu Tongji» атты деректе: 694 жылы персиялық Фурстадан қолына «Шабураганды» алып, сарайға келді, делінеді (佛祖统纪, 卷309). «Шабураган» – манихей дінінің басты кітаптарының бірі. Қытайша оны «Er-zongjing» (二宗经) деп атайды. Манихей діні алғашында Парсы жерінде қатаң шектеуге ұшырағанымен, кейін VII ғасырдың соңына қарай оның Иранда емін-еркін таралуына жағдай жасалды (Samuel, 1979: 157). Сондықтан дін таратушы Фурстадан қиырдағы Қытайға Персия елінің атынан барды. Бүгінде Пекин кітапханасында «Шабураганның» Дунхуаңнан табылған ескі нұсқасы «Парсылардың қасиетті кітабының қалдық нұсқасы» деген атпен сақтаулы тұр. Бірақ, бұл діннің таралуы Таң мемлекетінің астанасы Чан-аньда қарсылыққа ұшырайды. Аталмыш діннің Қытай топырағындағы ғұмыры 40 жылға жетер-жетпей, оған шетелдіктерден басқалардың сенуіне қатаң тиым салынады. Сол себепті, Парсы мен Тохарыстаннан келген бұл дін қытайлықтар арасынан өз мүриттерін таба алмады.

Осы кезде, 755 жылы Таң мемлекетінде ішкі бүлік басталды. 762 жылы қараша айында түрік Едікен (Бөгу немесе Тәңірқаған деп те аталады, 759-780 жж.) қаған Таң ордасының Ши Шаои-дің көтерілісші қолына қарсы әскери жаза жорығына қатысып, Лоян қаласын көтерілісшілерден тартып алып, Таң әулетіне қайтарып берді. Ол Лояндағы кезінде манихей дінінің осындағы дін таратушысымен кездесіп, оның уағыздарын тыңдағаннан кейін, төрт бірдей дін таратушыны өзімен бірге Біріккен Түркі (Ұйғыр) қағанатының астанасы Орда-Балыққа (Орда-балық қаласының көне жұрты қазіргі Орталық Моңғолиядағы Ханғай тауының етегіндегі Орхон өзенінің бойында) алып қайтады. Содан бастап бұл дін Біріккен Түрік қағанатының жерінде қара халық пен биліктегі бір бөлім адамдардың қарсылығына қарамай, қағанның әмірімен тарала бастайды. Манихей діні жан-жануарларды аялауды, малдың етін жемеуді дәріптейтін. Бұл ежелден малшаруашылығымен айналысатын көшпенді халықтың өмір салтына қайшы еді. Осы кезде қағанаттың орталығы Орда-балық қаласының маңында, Орхон өзенінің жағалауында егінші жатақтар пайда бола бастады. Олар бидай және көкөніс егумен айналысты. Бірақ, Орхон суық белдеуге жататындықтан, диханшылық істері мұнда айтарлықтай дамып кете қоймады. Сол себепті, қағанаттың билеуші тобы өз ішінен екіге бөлініп, манихей дініне қарсы топтағылар (тәңіршілдер) қаған әулетін тақтан тайдыруға әрекет етті. Нәтижесінде 840 жылы елдің солтүстігін қорғап тұрған санғұн Күлік Баға көршілес қырғыздармен күш біріктіріп, 100 мың қолмен келіп қағанды өлтіріп, Орда-балық қаласын өртеп жіберді. Айбатты Орда-балық, Қатун-балық және Хунчу-балық қамалы түгелімен күлге айналды (Yan Shengming, 2008: 150).

Манихей дінінің түріктер арасына таралуы туралы екі үлкен айғақ ретінде жоғарыда айтылған «Тоғұз ұйғұр қағаны ескерткішін» (Toqquz uyghur qaghan mängü teši) және одан бөлек «Бөгу қағанның дінге кіру естелігін» атауға болады. «Тоғыз ұйғыр қағаны ескерткішіндегі» қытайша мәтін (текст) ондағы соғды, түрік тілдерінде жазылған мәтінмен салыстырғанда толығырақ сақталғандықтан, Луо Чжэнюй (罗振玉) секілді ғалымдар тарапынан реттеліп әрі бүтінделіп, «Қара-қорымдағы асыл тас естелігіне» (林金石录) енді. Содан бастап, ол зерттеушілер тарапынан кеңінен пайдаланылды. Бұл мәтінде Орхон Ұйғыр қағанатының екінші қағаны Тәңірде болмыш Елтұтмыш қаған

(Көл-қаған 747-759) және оның ұлы - жоғарыда аталған Едикен (Бөгу немесе Тәңір қаған) қағанның өмірі мен атқарған қызметі, манихей дінінің түріктер арасына қалай тарағаны баяндалады. Ал «Бөгу қағанның дінге кіру естелігіне» келсек, ол тек көне түрік тілінде жазылғандықтан, ғалымдар У. Баң (W.Bang) мен А.в.Габаин (A.v.Gabain) тарапынан зерттеліп кітап болып шықты (Bang and Gabain, 1929).

Түрлі діни ағымдар, этностар, олардың мәдениеті Қазақстанның Жетісу аймағына дейін әсер етті. Сол қатарда VIII ғасырда Орхон бойына барып дін таратқан соғдылар да болды. Соғдылар ұдайы Едикен (Бөғұ немесе Тәңір) қағанның қолдауында болып келгендіктен, кейін 780 жылғы дін таратушылар мен оған қарсы тұрушылар арасында болған өткір саяси қақтығыс кезінде олардан 2 мың адам өлтірілді. Соған қарамастан, олар дін таратуын жалғастыра берді.

В.В.Бартольд соғдылардың Жетісуға қоныс аудару себебі саудамен байланысты (Бартольд, 1964: 463), – дейді. Әрине, ежелден сауда-саттық қалалы, базарлы жерлерде өркендегені белгілі. VII-VIII ғасырларда саудамен бірге түрлі діндер Орта Азияның оңтүстігіндегі отырықшы аймақтарға, одан соң далалық аймақтарға қарай таралды. Саудагерлермен бірге әр түрлі діни миссионерлер Шығыс Түркістанға, Орталық Моңғолияға, тіпті, Ішкі Қытайға дейін барды. Бұл ретте түркі тілінің ықпалының артуына байланысты, діни насиқаттар түркі тілінде жүргізілді. Түрік тілді ортаға түскен соғдылар жергілікті түркі мәдениетіне тез үйірлесіп кетті. XI ғасырда М.Қашқаридың соғдылардың ішінде түрікше сөйлемейтіні жоқ деуі де сондықтан дейді С.Л.Болин (Болин, 1960: 83). Ендеше, «Тоғыз ұйғыр қағаны ескерткішінің» үш тілде жазылуына таң қалуға болмайды. Көне түріктер өздері жасап жатқан аймақтың айналасының барлығымен жиі қарым-қатынаста болғаны себепті, осы аймақтағы мәдениеттің бәрімен етене араласып отырды. Төңіректің төрт бұрышындағы елдерге жақсы әсер қалдыру үшін, олардың тіл-жазуын үйренді. Сол себепті көне түркілер маңызды тарихи ескерткіштерді екі немесе үш тілде жазып қалдыруды дағдыға айналдырды. Дегенмен, Моңғолиядағы Бұғыты ескерткішін зерттеген С.Г.Кляшторний мен В.А.Лившицтің «соғды жазуы Алғашқы Түрік қағанатының ресми алфавиті болған» деген пікірімен келісуге болмайды. Өйткені, Алғашқы Түрік қағанаты кезінде (552-657) соғды жазуымен қатар қытай иероглифімен, брахман жазуымен де бірнеше ескерткіштер тұрғызылған болатын (1-сурет).



1-сурет. Тұрфандағы Қарақожа көне қала жұртындағы Манихэй шіркеуінен табылған VIII-IX ғасырға тән соғды тіліндегі манихэй дінінің суретті тәпсірлері

V-VII ғасырлар аралығында жалпы Орталық және Оңтүстік Азияда ресми қатынастар қытай, брахман және соғды тілінде жасалып тұрған. Сол қатарда түріктер де осы жазулар арқылы ел басқарған көсемдерінің тарихын жазып қалдырып отырды. VI ғасырға тән Орталық Моңғолиядағы Күйіс-толоғай ескерткішіндегі мәтін брахман жазуының хашора графикасымен (Сартқожа, 2003: 92-93), Орталық Моңғолиядағы Қарағол ескерткіші қытай иероглифімен қашап қалдырылған (Сартқожа, 2003: 109). Гэн Шиминьнің пікірінше Моңғол үстемдігі дәуірінде Орта Азиядан Ішкі Қытайға дейінгі кеңістікте несториандық діни ескерткіштер көп қойылған. Солардың ішінде Жетісу мен Алмалықтағы ескерткіштер түркі тілінде, Ішкі Қытайдағы ескерткіштер түркі және қытай тілінде жазылған (Geng Shimin, 2003: 476-477).

Бұл аралықта Шығыс Түркістанда бұдда дінінің ықпалы да айтарлықтай күшті болды. Бұған дәлел – Тұрфан мен Аксудан, Дахатадан (Дунхуан) көне түрік жазуындағы бұдда номдары мен киелі орындарының табылуы дер едік. Тұтас VII-X ғасырларда бұдда діні Үндістан арқылы Ауғаныстанға, одан Орта Азия мен Шығыс Түркістанға кең таралды.

Тарихи деректер Орта Азияда манихей, бұдда дінімен қоса христиан дінінің несториан сектасы едәуір дамығанын растайды. Христиан дінінің несториан сектасы V ғасырда Константинополда пайда болып, 451 жылы діни құрылтайда шеттетілгеннен кейін, шығысқа қарай кеңейді. Тарихи деректер бұл діннің исламнан бұрын түріктер арасына да біртіндеп тарала бастағанын дәлелдейді. Сондай-ақ, бұл дін көне жібек жолын бойлап Қытайдың ішкі аймақтарына дейін жайылған. Бұл арада оның негізгі тасымалдаушысы түріктер болған. Бұған дәлел ретінде Қытайдың сол кездегі астанасы Чан-ань қаласында 781 жылы орнатылған “Ұлы Циньнің несториан дінінің Орталық мемлекетке таралуы туралы ескерткішті” (大秦景教流行中国碑) атауға болады. XIX ғасырдың соңында Д.А.Хвольсон 1886, 1890, 1897 жылдары Жетісудан табылған көптеген сирия тіліндегі несториандық тас ескерткіштердің мәтінін жариялады (Chwolson, 1886, 2013). В.В.Радлов та бұл ескерткіштердегі сирия жазуы және осы жазумен көне түрік тілінде жазылған мәтіндер туралы зерттеулерін жариялады (Radloff, 1890). Кейін мұндай ескерткіштер Қырғызстаннан да табылды. Жетісу аймағынан табылған осы тектес ескерткіштердің Еуропа елдерінің музейлерінде сақталып, ғылымы айналымға енгендері де бар (Hielt, 1909; Nau, 1913; Thacker, 1966).


Іле өзенінің оң жағалауына салынған ежелгі қала Алмалық бір кезде Орта Азиядағы діни орталықтардың бірі болған. Ол қазіргі Қазақстан-Қытай шекарасынан Қытай тарапқа қарай 20-25 шақырым жерде орналасқан. Жағрапиялық жақтан дәстүрлі Жетісу аймағына жатады. Қытай ғалымы Гэн Шимин осы жерден несториан дініне тән өте бағалы ескерткіштің табылғанын, өкінішке орай, оны әлі күнге ешкім зерттей қоймағанын жазады (Geng Shimin, 2003: 476-477). Бірақ, Жетісу, Қашқар, Алмалық көне қала жұрттарындағы шіркеу орындарынан қазып алынған 600-ге тарта несториандық қабір ескерткіштерінің арасынан көне түрік тілінде жазылған 13 жазуды (XIII-XIV ғ.) кейінгі кезде түрколог Қ.Барат қайта бастан реттеп, аударған болатын (Barat, 1986: 69).

Сирия тілінде (сирия әріптерімен) жазылған мұндай ескерткіштер Қытайдың ең оңтүстігіндегі кемежайлы айлақ Цуанчжоу (Марко Поло «Зайтун» қаласы деп атаған) қаласынан да табылды. Бұл туралы Гэн Шиминь мырза жапон ғалымдары К.Еноки мен

С.Мураямалардың зерттеулеріне жүгінеді. Мұндай ескерткіштердің неліктен Қытайдың оңтүстігінен табылғанына келсек, Гэн Шиминьнің пікірінше, моңғолдар билеген Юань патшалығы кезінде билік басындағылар айлақ арқылы Ішкі Қытайға өтетін тауарлардан салық жинауды қамтамасыз ету үшін онда христиан дініндегі түріктерді жоғары лауазыммен жіберіп отырған. Олар онда шіркеу салып ұзақ уақыт мекендеп тұрған. Қытай ғалымы Niu Ruji осы ескерткіштердің бетіне 8 жол түрікше жазу жазылған біреуінің 1941 жылы (Hamilton, Ruji, 1995: 275), сирияша жазу жазылған енді бірінің 1943 жылы табылғанын жазады (Ruji, 1999: 33-34). Сондай-ақ, 1983-84 жылдары Ішкі Моңғолияның Шифэн каласы маңынан да осы тектес тас ескерткіш табылған. Онда үлкен кресттің жоғарысынан екі жағына бірден 2 жол сирия тілінде, төменнен екі жағына төрттен 8 жол түрік тілінде мәтін жазылған. Ол туралы алдымен Zhang Bosong, Ren Xuejun секілді зерттеушілер хабарлама жазып (Zhang Bosong, Ren Xuejun, 1994), одан соң J.Hamilton, Niu Ruji тектес ғалымдар зерттеу жүргізді (Hamilton, Ruji, 1994; Hamilton, Ruji, 1996).

Юань хандығы дәуіріне тән сирия, қытай және түрік тіліндегі тағы бір ескерткіш Шығыс Қытайдағы Янчжоу қаласынан табылды. 1330 жылы жарық көрген католик дінінің францисканы Одорик фон Порденоненің «Саяхат естелігінде» (Relatio) Қытайдағы несториан дінінің жағдайы туралы да мәліметтер береді (Yule, 1913: 298). Ол Янчжоуда несториан діншілдерінің үш шіркеуі болғанын жазады (Moule, 1930: 245). Гэн Шиминь П.Пеллио тапқан 1317 жылға тән Қытайдағы несториан шіркеуінің діни құжаттары туралы айта келіп, оның бұл шіркеуді XIII ғасырдың соңында Абрахам атты бай саудагер салған деген ойын ортаға салады (Geng Shimin, 2003: 478). Дегенмен, бұл шіркеу Самархандтық несториан дінбасы Мар Сарғыстың Янцзы өзені бойына салған 7 шіркеуінің бірі болуы да әбден мүмкін (Giles, Moule, 1915: 675).

Үш тілде жазылған Янчжоу ескерткіші 1981 жылдың 14 қарашасында табылды (Wang Qinjin, 1989: 553), (Zhu Jiang, 1986: 68). Онда қытайша шағын мәтінмен қоса сирия әріптерімен 12 жол мәтін жазылған. Осы мәтіннің бірінші және ең соңғы жолы сирияша, ал қалған 10 жолы ескі түрік тілінде (2-сурет).



2-сурет. Үш тілде жазылған Янчжоу ескерткіші

Олардың транскрипциясы төмендегідей:

1. b(a)šm(e)h m(a)r(a)n m(e)š(i)ha
2. Aleksandros han saqışi yil ming alti
3. yüz yigirmi säkiz yilinta türk saqış
4. yilan yil üçünč ay toquz yangita tatuluq
5. lu(šu)s(i) s(a)mšaning ešliki älišba hatun
6. otuz üç yašinta t(ä)ngri yarliyin bütürüp
7. yaš quti ätözi bu sïn q(a)bra içintä
8. yer aldilar özüti m(ä)ngü ušmaқтаqı
9. s(a)ra r(i)pqa r(a)hel arıy qunčular birlä yurt
10. orun tutup ming ming yil(?).....bolzun
11. ürkäč ödlärkätägi yat qililmış bolzun
12. amin yin wamin

Мәтіннің аудармасы:

1. Исусс Хыристостың бұйрығымен (сирия тілінде)
2. Александр хан жылнамасының бір мың алты
3. жүз жиырма сегізінші жылында, түрік жылнамасының
4. жылан жылы үшінші ай тоғыз жаңасында Татулық
5. лусу(с)ы Самсаның әйелі Елшыба қатұн
6. отыз үш жасында Тәңір жарлығын орындап
7. жас кетті. Өзі бұл қабір ішіне
8. жерленді. Өзі мәңгі ұшпақтағы
9. Сара, Рабиға, Рахила (секілді) қасиетті аналармен бірге жұрт
10. орын алып мың мың жыл... .. болсын.
11. Мәңгіге кейінгілер жат қылар болсын.
12. Амин ин уамин (сирия тілінде)!

Мәтіндегі қытай, түрік және александр (грек) жылнамасын салыстра келе, бұл ескерткіштің 1317 жылы орнатылғанын білу қиын емес.

Ендеше, бұл ескерткіште аты жазылған Самса деген адамның кім болғаны? Қытайша мәтінде оның тек «синду» (忻都) деген лауазымы ғана жазылған. «Юань тарихындағы адам аттары» сөздігінде Синду есімді 12 адам бар. Бірақ, олардың бірде бірінің туған жылы мұнымен сәйкес келмейді (Yao Jing'an, 1982: 513). Гэн Шиминь "Цзинь Хуахуан мырзаның шығармалары" (金华黄先生文集) атты кітаптың VII бөлім, 12 бабынан ол туралы бірден-бір деректі ұсынады: бұл дерек бойынша оның әкесі Дашыманның тегі қарлұқ, 1258 жылы туып, 1317 жылы өлген. Синдоудың өзі 1335 жылы өлген. Оның әйелі 1284 жылы туып, 1317 жылы өлген. Осы жайларды айта келіп, Гэн мырза Синдоудың Янчжоуға қандай міндетпен келгені жазылмаған дейді. Сондай-ақ, тарихшы Петер Кауерау мен Рене Груссенің пікіріне сүйене отырып, Елшыба қатунның оңғұт (уақ) немесе керейден шыққан түрік әйелі екенін көрсетеді (Kawerau, 1982: 172; Grousset, 1970: 687).

Ескерткіштегі қытайша мәтіннің мазмұны төмендегідей:

歲次丁巳延祐四年三月初九日
三十三歲身故五月十六日明吉
大都忻都妻也裏世八之墓

Юань патшалығының Рензоң (Байанту) ханның юанью жылнамасының 4 жылы 3 айдың 9 жаңасында 33 жасында қайтыс болды. 5 айдың 16 жаңасында жерленді. Дадулық синдоудың әйелі Елшібаның қабірі.

Демек, бұл ескерткіштің орнатылуы Юань патшасы Байантудың билік құрған кезіне тұспа-тұс келеді. Байанту сол кезде қытай тілі мен дәстүріне, дініне анағұрлым жақын болған сайын, билікті солғұрлым сақтап қалуға болады деп есептейтін. Сол үшін ол елдегі христандық шіркеулердің барлығын бұдда монастырына айналдыру туралы жарлыққа қол қойды. Осы істі атқаруда ол қол астындағы несториан сеніміндегі түріктерге сүйенген. Синдоу да осы кезде ханның тапсырмасымен Янчжоуға келген болуы мүмкін.

Ендеше, ескерткіштің 5-жолының басында өшкіндеп қалған л[ʃy]с сөзі lu(ʃu) s(i) болуы керек. Өйткені бұл «liushou» (留守 қорғаушы, басқарушы) сөзінің түрікше баламасы (айтылымы). Тарихи деректер де Синдоуды Дадуда (Бэйцин) «liushou» болып тұрған деп жазады.

Жоғарыдағы талдаулар арқылы біз мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

1) Көне түріктер арасында өздерінің дәстүрлі діні тәңіршілдіктен басқа манихэй, будда, несториан діндерінің таралуы олардың бір бөлімінің отырықшылық мәдениетке ден қойғандығының, Орта Азия мен Шығыс Түркістанда қала мәдениетінің өркендегенінің басты дәлелі ретінде қарастырылды.

2) Манихей дінінің VIII ғасырдың ортасынан IX ғасырға дейін Орхон түріктері арасында ресми мемлекеттік дін сипатында таралғандығы дәлелденді. Оның басты айғағы ретінде Орхон Ұйғыр қағанаты кезіндегі «Тоғыз ұйғұр қағаны ескерткіші» мен «Бөгу қағанның дінге кіру естелігі» негізге алынды. Тасқа басылған «Тоғыз ұйғыр қағаны ескерткішіндегі» қытайша мәтінде Орхон Ұйғыр қағанатының қағандарының өмірі мен атқарған қызметімен қоса, манихей дінінің түріктер арасына қалай тарағаны баяндалған.

3) Тарихи деректерді талдау арқылы манихэй дінінің Орхон бойында тамыр тарта алмауының басты себебі ретінде көшпенді өмір салты пен тәңірлік наным-сенімнің арасындағы өткір қайшылық, манихэй діннің ортаға бейімделе алмауы көрсетілді. Бұл қайшылықтар түптеп келгенде Орхон ұйғыр қағанатының тарих сахнасынан жойылуының басты себебіне айналғаны дәлелденді.

4) Мақалада Жетісудан, Шығыс Түркістаннан және Қытайдың ішкі аймақтарынан табылған түркі тіліндегі несториандық құлпытас мәтіндері арқылы манихэй дінімен қоса, несториан дінінің IX-XIV ғасырларда көне түріктер арасына кең тамыр таралғаны дәлелденді.

Қорытынды

VIII-XII ғасырларда, яғни Ислам діні Орта Азияға толық таралғанға дейін осындағы тұрғылықты халықтар дүниежүзіндегі түрлі мәдениеттердің әсеріне терең ұшырады. Бұл әсер әсіресе діни тұрғыдан өте белсенді жүрілді. Нәтижесінде түркі халықтарының рухани болмысы әр кезеңде әралуан болды. Олар сыртқы әсерлерді өздерінде бұрыннан бар тәңіршілдікпен үйлестіре қабылдады. Бірақ діни насиқат мемлекеттік саясатқа айналғанда немесе зорлықпен жүрілген кездерде оған қарсы күштер пайда болды. Сол арқылы олар өздерінің дүниетанымындағы ескі қағидаттарды сақтап қалғысы келді. Мұның соңы саяси биліктің, тіпті, мемлекеттің жойылуына алып келді. Орхон Ұйғыр қағанатының трагедиясы соның айғағы. Мемлекетпен бірге оның материалдық, рухани қазынасы да құрдымға кетті. Яғни, Орхон Ұйғыр қағанатының астанасы Орда-Балық қаласы өртеніп күлге айналды. Орхон ұйғырлары (көне түркілер) өзінің саяси үстемдігін жойып қана қоймай, өзімен бірге, осыған дейін қол жеткізген бір бөлім мәдени құндылықтарынан құралақан қалды.

Манихей дінінің әсерінің біртіндеп әлсіреуінен соң, түркілік кеңістікке будда діні сіңіп кіруге әрекет етті. Осы кезеңде несториан діні тарих сахнасына шықты. Белгілі мағынадан, Орта Азиядағы түркі халықтарына тараған несториан діні буддизмнің әсерінің осы аймақта одан әрі кеңеюін шектеді. Нәтижесінде несториан діні Орта Азия мен Солтүстік Азиядағы түркі халықтарының арасында біртіндеп тамыр тартты. Шыңғыс хан даланы бір орталыққа бағындырған кезде, оның қоластына кірген түркі тайпаларының біразы несториан сенімінде болды. Кейін моңғолдар Қытайды жаулап алғанда өздерімен бірге түркі қолбасшыларын ерте жүріп, оларды маңызды қызметтерге қойды. Моңғолдармен бірге Ішкі Қытайға барып, сонда тұрып қалған түркі мансаптыларының ішінде де несториан дініндегілер бар еді. Олар дүниеден өткенде кейінгілер олардың басына несториандық ескерткіш тастар қоюды дағдыға айналдырды. Соның бірі Янчжоудан табылған несториандық түркі ескерткіші.

Янчжоу ескерткішіндегі сирия әріптерімен жазылған түрікше мәтін көне түркілердің сол кезге дейін ескерткіш орнату мәдениетін сақтап келгенін, сонымен бірге анағұрлым дамыған жазу мәдениетіне ие екенін көрсетеді.

Бұдан өзге, көне түркілердің дінге қатысты ескерткіштері олардың еш уақытта өзімен өзі болып тұйықталып қалмағанын, керісінше, әлемдік өркениетпен қоян-қолтық байланыста болғанын, сондай-ақ, олардың қолымен тұрғызылған материалдық және рухани ескерткіштердің әлемдік өркениеттің бір бөлігі болғанын паш етеді.

Қаржыландыру. Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті бекіткен AP14871737 «Ежелгі және ортағасырлардағы Сырдария, Талас және Жетісу өңіріндегі қалалардың тарихи-географиясы: Қытай және араб деректері негізінде» атты ғылыми жобасы аясында жарық көрді.

Әдебиеттер тізімі

1. Бартольд В.В. К вопросу об языках согдийском и тохарском. – Сочинение, Т. II, Ч. 2. - М., 1964. – С. 461-470.
2. Волин С.Л. Сведения арабских источников IX-XVI вв. О долине реки Талас и смежных районах. Т. VIII. – Алматы: Института истории, археологии и этнографии АН КазССР, 1960. – С. 72-92.
3. Сарткожа К. Орхон муралары. – Астана, 2003. – 392 б.
4. Barat H. Hristan dinining Xinjiangga tarkaliqi wa' oning yadikarliklari // Xinjiang universitetining ilimi juornali. №3. – Urumqi, 1986. S. 69-71.
5. Brown P.R.L. The Diffusion of Manichaeism in the Roman Empire // Religion and Society in the Age of St. Augustine, London, 1972. - P. 94-118.
6. Chwolson D.A. Syrische Grabinschriften aus Semirjetschie. - St.-Petersbourg: Mémoires de l'Académie impériale des sciences, V. 34, No 4.
7. Chwolson D.A. Syrisch-Nestorianische Grabinschriften Aus Semirjetschie (Multilingual Edition). - Gorgias Press, 2013. – 122 p.
8. Dodge B. The Fihrist of al-Nadim: a tenth-century survey of Muslim culture. - New York: Columbia University Press, 1970. – 1137 p.
9. Geng Shimin 耿世民. Weiwu-er gudai wenxian yanjiu 维吾尔古代文献研究 (Ўйғыр классик жазба муралары туралы зерттеу). - Beijing, 2003, - 546 б.
10. Grousset R. Empire of the Steppes. - History of Central Asia, 1970. - 687 p.
11. Hamilton J. 哈密顿, Niu Ruji 牛汝极, Quanzhou chutude huigu wen yelikewen jingjiao mubei yanjiu. 泉州出土回鹘文也里可温 (景教) 墓碑研究(Цуанчжоудан табылған ұйғырша несториан ескерткіші туралы зерттеу) //Xueshujilin 学术集林, Shanghai, 1995, No 5, - P. 270-281.
12. Hjelt A. Drei syrich-nestorianische grabinschriften (Сирияша нестоиандық үш ескерткіш). Vol.1, 2. – Helsinki: AASF,1909.
13. Hamilton J., Niu Ruji. Deux Inscriptions Funeraires Turques Nestoriennes de la Chine Orientale, JA,1994, 282-1, P.147-155.
14. Hamilton J., Niu Ruji牛汝极. Shifeng shi chutu jingjiao mujuan mingwen jiqi zushu yanjiu赤峰出土景教墓碑铭文及族属研究(Шифэн қаласынан табылған несториандық қабір ескерткіші және оның қай ұлтқа тән екені туралы) // Minzu yanjiu民族研究, Beijing, №3, 1996. – P. 78-83.
15. Kawerau P. Ostkirchengeschichte, III. Das Christentum in Europa und Asien im Zeitalter der Kreuzge. Subs. 65. (Corpus Scriptorum Christianorum Orientalium) (German Edition) Paperback – January 1, 1982. -p 172.
16. Lionel Giles, A.C. Moule. Christians at Chên-chiang fu //T'oung Pao XVI (1915). -pp.627-686.
17. Moule A. C. Christians in China before the Year 1550. London, 1930. -pp.245-246.
18. Nau F. Les pierres tombales nestoriennes du musee Guimet. 1913, In: ROC 18; Encore les pierres tombales du Musee Guimet. 1913, In ROC 18 OCC L'Oriente Cristiano nelle storie della civiltà. Roma.
19. Niu Ruji牛汝极. Quanzhou shulia-huigu shuangyu jingjiaobei zaikaoshi泉州叙利亚-回鹘双语景教碑再考释(Цуанчжоудан табалған сирияфша-ұйғырша несториандық ескерткіш туралы жалғасты зерттеу) //Minzu yuwen民族语文, Beijing, 1999, №3, 33-34.
20. Radloff.W Das turksche sprachmaterial der in dem Gebiet vom Semirjetschie aufgefundenen syrschen Inschriften (Jetisu aymaginan tabilgan turikshe eskertkish), Beitrage zu Chwolson, 1890.
21. Samuel N.C.Lieu. Polemics against Manichaeism as a Subversive Cult in Sung China//Bulletin of the John Rylands University of Manchester. 1979. pp.127-176

22. Thacker T.W. Anestorian Gravestone from Central Asia in the Gulbenkian Museum, Durham University, In: The Durham University Journal, 1966-67, 59, N.S.287
23. W.Bang, A.v.Gabain. Türkische Turfan-Texte II: Manichaica. -SBA W 22. Berlin 1929. 411-430..
24. Wang Qinjin王勤金. Yuan yanyou sinian Elishiba mubei kaoshi元延祐四年也里世八墓碑考释 (Юань әулетінің юанью жылнамасының 4-жылғы Елшіба қабір ескерткіші туралы) // Kaogu考古, Beijing北京, 1989, № 6, 553-554.
25. Yan Shengming 杨圣敏. Huihe Shi回纥史(Ұйғыр тарихы). Guangxi Shifan Daxue Chubanshe. 桂林 Guilin, 2008, 171 p.
26. Yao Jing'an姚景安. Yuanshi renming suoysin元史人名索引(Юань әулеті тарихындағы адам аттарының сөздігі), Beijing, 1982, 513-514.
27. Yule S.H. Cathay and the Way Thither.2. Odoric of Pordenone. New Edition, Revised by H. Cordier. London, 1913.-298.
28. Zhang Bosong张松柏, Ren Xuejun任学军. Shifeng shi chutude yelikewen cizhibei 赤峰市出土的也里可温瓷质碑 (Шифэн қаласынан табылған иелкевэн қыш ескерткіші) // 内蒙古文物考古文集 (Ішкі Монғолия археологиясы жинағы). 1994, № 1, 672.
29. Zhu Jiang朱江. Yangzhou faxian Yuandai jidu jiaotu mubei 扬州发现元代基督教徒墓碑 (Янчжоудан табылған Юань әулеті кезіне тән христандық қабыр ескерткіші) //Wenwu文物, Beijing, 1986, №3, 68.

References

1. Bartol'd V.V. K voprosu ob yazykakh sogdiiskom i tokharskom [The question of Sogdian and Tokharian languages] (Moscow, 1964, p. 461-470). [in Russian]
2. Bolin S.L. Svedenya arabskikh istochnikov IX-XVI vv. O doline reki Talas i smezhnyh raionakh. [Details of Arabic sources of the IX-XVI centuries. Talas river valley and adjacent areas] (TIIE Academy of Sciences of the Kazakh SSR, (V. VIII, 1960, p. 83). [in Russian]
3. Sartkozha K. Orhon muralary [The Heritage of Orkhon] (Astana, 2003, 392 p.) [in Kazakh]
4. Barat H. Hristan dinining Xinjiangga tarkaliqi wa' oning yadikarliklari // Xinjiang universitetining ilimi juornali, Urumqi, 3, 69-71 (1986). [in Uzbek]
5. Brown P.R.L. The Diffusion of Manichaeism in the Roman Empire // Religion and Society in the Age of St. Augustine, London, 104-105, (1972).
6. Chwolson D.A. Syrische Grabinschriften aus Semirjetschie (Jetisudagi Siyria tilindegi kabir eskertkishteri), Mémoires de l'Académie impériale des sciences de St. - Pétersbourg; série 7, t. 34, No 4. [in German]
7. Chwolson D.A. Syrisch-Nestorianische Grabinschriften Aus Semirjetschie (Multilingual Edition). (Gorgias Press, 2013, 122 p.) [in German]
8. Dodge B. The Fihrist of al-Nadim: a tenth-century survey of Muslim culture. (Columbia University Press, New York, 1970, 1137 p.) [in English]
9. Geng Shimin耿世民. Weiwu-er gudai wenxian yanjiu维吾尔古代文献研究, (Beijing, 2003, 546 p.) [in Chinese]
10. Grousset R. Empire of the Steppes (History of Central Asia, 1970, 687 p.) [in German]
11. Hamilton J. 哈密顿, Niu Ruji 牛汝极, Quanzhou chutude huigu wen yelikewen jingjiao mubei yanjiu. 泉州出土回鹘文也里可温 (景教) 墓碑研究// Xueshujilin学术集林, (Shanghai, 1995, №5, P. 270-281). [in Chinese]

12. Hjelt A. Drei syrich-nestorianische grabinschriften. (Vol.1, 2, AASF, Serie B, Helsinki, 1909). [in German]
13. Hamilton J., Niu Ruji. Deux Inscriptions Funeraires Turques Nestoriennes de la Chine Orientale. JA, 1994, 282-1, pp. 147-155 [in French]
14. Hamilton J., Niu Ruji 牛汝极. Shifeng shi chutu jingjiao mujuan mingwen jiqi zushu yanjiu 赤峰出土景教墓砖铭文及族属研究 // Minzu yanjiu 民族研究, Beijing, 3, 78-83 (1996). [in Chinese]
15. Kawerau P. Ostkirchengeschichte, III. Das Christentum in Europa und Asien im Zeitalter der Kreuzge. Subs. 65. (Corpus Scriptorum Christianorum Orientalium) (German Edition) Paperback – January 1, 1982. – 172 p. [in German]
16. Lionel Giles and Moule A.C.. Christians at Chên-chiang fu // T'oung Pao, XVI, 627-686 (1915).
17. Moule A. C. Christians in China before the Year 1550. (London, 1930, P. 245-246).
18. Nau F. Les pierres tombales nestoriennes du musee Guimet [The Nestorian tombstones of the Guimet museum]. 1913, In: ROC 18; Encore les pierres tombales du Musee Guimet. 1913, In ROC 18 OCC L'Oriente Cristiano nelle storie della civiltà. Roma. [in French].
19. Niu Ruji 牛汝极. Quanzhou shulia-huigu shuangyu jingjiaobei zaikaoshi 泉州叙利亚-回鹘双语景教碑再考释 // Minzu yuwen 民族语文, Beijing, 1999, №3, 33-34. [in Chinese].
20. Radloff W. Das turksche sprachmaterial der in dem Gebiet vom Semirjetschie aufgefundenen syrischen Inschriften, Beitrage zu Chwolson, 1890 [in German].
21. Samuel N.C. Lieu. Polemics against Manichaeism as a Subversive Cult in Sung China // Bulletin of the John Rylands University of Manchester, 62/1, 1979, 157.
22. Thacker T.W. Anestorian Gravestone from Central Asia in the Gulbenkian Museum, Durham University, In: The Durham University Journal, 1966-67, 59, N.S.287.
23. W.Bang-A.v.Gabain, Türkische Turfan-texte II, Berlin. 1929, pp. 3-14. [in German].
24. Wang Qinjin 王勤金. Yuan yanyou sinian Elishiba mubei kaoshi 元延祐四年也里世八墓碑考释 // Kaogu 考古, Beijing 北京, 1989, № 6, 553-554. [in Chinese].
25. Yan Shengming 杨圣敏. Huihe Shi 回纥史. Guangxi Shifan Daxue Chubanshe. 桂林 (Guilin, 2008, 171 p.). [in Chinese]
26. Yao Jing'an 姚景安. Yuanshi renming suoyin 元史人名索引, (Beijing, 1982, pp. 513-514). [in Chinese]
27. Yule S.H. Cathay and the Way Thither. 2. Odoric of Pordenone. New Edition, Revised by H. Cordier. (London, 1913, 298 p.).
28. Zhang Bosong 张松柏, Ren Xuejun 任学军. Shifeng shi chutude yelikewen cizhibei 赤峰市出土的也里可温瓷质碑 // 内蒙古文物考古文集. No 1, 672. (1994). [in Chinese]
29. Zhu Jiang 朱江. Yangzhou faxian Yuandai jidujiaotou mubei 扬州发现元代基督教徒墓碑 // Wenwu 文物, (Beijing, 1986, 68 p.). [in Chinese]

Т.З. Кайыркен, Д.С. Алькеева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Влияние манихейской и несторианской религий в оседлом быте древних тюрков

Аннотация. Тюркские народы, населявшие Среднюю Азию с древних времен, жили на стыке восточной и западной культур, умело сочетая городскую и степную цивилизации. На их духовную жизнь также сильно повлияла индийская и персидская культура. Индийская и персидская культуры сначала распространились на населенные пункты в Мавереннахре и Таримском бассейне, а затем распространились на небольшие города, населенные пункты в предгорьях Семиречья и Еренкабырга (Тянь-Шань). По этой причине Средняя Азия была зоной взаимодействия всех культур мира и религий в том числе. Различные религии распространились не только на оседлые районы, но и на кочевые степи. В регионах, где жили тюрки-кочевники, были построены небольшие населенные пункты, а также места поклонения. В то время кочевники с интересом и уважением относились к людям, практикующим религию. Вместе с тем, в течение длительного времени в Средней Азии и Восточном Туркестане и прилегающих к нему регионах тесно сосуществовали различные культурные и духовные ценности. Это говорит о том, что с I века нашей эры Средняя Азия, Восточный Туркестан и Центральная Монголия эволюционировали. В статье были рассмотрены вопросы об уровне распространенности манихейства и несторианства, практиковавшихся в регионе, как их воспринимали местные тюркские народы, а также о том, как эти религии сочетались с местной природой, общественно-социальной средой, политическим влиянием и др. Был проведен языковой и источниковедческий анализ «Памятник девяти уйгурским каганам» и памятника «Янчжоу», свидетельствующих о распространении манихейской и несторианской религий среди тюрков.

Ключевые слова: Манихейство, несторианство, городская культура, религиозные верования древних тюрков.

T.Z. Kairken, D.S. Alkeyeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The influence of Manichaean and Nestorian religions in the settled life of the ancient Turks

Abstract. The Turkic peoples of Central Asia have long resided at the nexus of Eastern and Western cultures, fusing urban and steppe civilizations with dexterity. Their spiritual life was also strongly influenced by Indian and Persian culture. Indian and Persian cultures first spread to settlements in the Maurennahr and Tarim Basin, and then to small towns and settlements in the foothills of the Semirechye and Erenkabyrga (Tien Shan) mountains. Therefore, Central Asia has become a zone of interweaving of all cultures of the world, including all religions. Different religions spread not only to settled regions, but also to steppes, which led a nomadic lifestyle. In the regions where nomadic Turks lived, small settlements and places of worship were built. Back then, nomads showed respect to anyone who held a religious role. At the same time, for a long time in Central Asia and East Turkestan and neighbouring regions, various

cultures and spiritual values of mankind competed closely. This suggests that Central Asia, East Turkestan, and Central Mongolia have evolved geographically as essential components of human civilization since the first century AD. The article discusses how the Manichaeism and Nestorian religions, which were prevalent in this area prior to Islam, were viewed by the Turkic people living there and how they fit in with the natural surroundings, social structure, governmental power, etc. The “Yangzhou” and “Monument of the Nine Uighur Khagans” are examples of the widespread adoption of Manichaeism and Nestorian religions among the Turks. A linguistic and source examination of these monuments was done.

Keywords: Manichaeism religion, Nestorian religion, city culture, religious beliefs of the ancient Turks.

Авторлар туралы мәлімет:

Қайыркен Т.З. – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Алькеева Д.С. – магистр, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Kairken T.Z. – Doctor of History, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Alkeyeva D.S. – Master, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).